ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ШОШҚА, СИЫР, ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІНЕН ЖАСАЛҒАН ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ПІСІРІЛГЕН, ПІСІРІЛГЕН, ШИКІЛЕЙ ЫСТАЛҒАН ЖЕҢСІК ТАҒАМДАР

ПРОДУКТЫ ДЕЛИКАТЕСНЫЕ ВАРЕНЫЕ, КОПЧЕНО-ВАРЕНЫЕ, КОПЧЕНО-ЗАПЕЧЕННЫЕ, ЗАПЕЧЕННЫЕ, СЫРОКОПЧЕНЫЕ ИЗ СВИНИНЫ, ГОВЯДИНЫ, КОНИНЫ И ПТИЦЫ

ҚР СТ 2087-2014

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ШОШҚА, СИЫР, ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІНЕН ЖАСАЛҒАН ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ПІСІРІЛГЕН, ПІСІРІЛГЕН, ШИКІЛЕЙ ЫСТАЛҒАН ЖЕҢСІК ТАҒАМДАР

ҚР СТ 2087-2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен 44 «Технолог» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2014 жылғы 10 қазандағы №206-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II заңының, Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы №769 шешімімен бекітілген КО ТР 005/2011 «Орауыштың қауіпсіздігі туралы», Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №880 шешімімен бекітілген КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №881 шешімімен бекітілген КО ТР 022/2011 «Таңбалауындағы тамақ өнімдері», Кеден одағы комиссиясының 2013 жылғы 9 қазандағы №68 шешімімен бекітілген КО ТР 034/2011 «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенттерінің ережелері іске асырылған.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2021 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 ҚР СТ 2087-2011 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесіне, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесіне жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Ассортимент	3
5 Техникалық талаптар	5
6 Қауіпсіздік талаптары	9
7 Қабылдау ережесі	9
8 Сынақ әдістері	9
9 Тасымалдау және сақтау	10
10 Дайындаушы кепілдіктері	11
Библиография	37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ШОШҚА, СИЫР, ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ ҚҰС ЕТІНЕН ЖАСАЛҒАН ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ҚАЙНАТЫЛҒАН, ЫСТАЛЫП-ПІСІРІЛГЕН, ПІСІРІЛГЕН, ШИКІЛЕЙ ЫСТАЛҒАН ЖЕҢСІК ТАҒАМДАР

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт бөлшек саудада және қоғамдық тамақтануда өткізуге арналған шошқа, сиыр, жылқы және құс етінен жасалған пісірілген, ысталып пісірілген, ысталып қақталып пісірілген, қақталып пісірілген, шикідей ысталған жеңсік тағамдарға таралады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1010-2008 Тағам өнімдері. Тұтынушыға арналған ақпарат. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 1081-2002 Тағам өнімдеріне арналған техникалық нұсқаулықтар мен рецептураларды әзірлеу тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1245-2004 Жапырақты жаңа піскен сарымсақ. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1482-2005 Бидай ұны. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1623-2007 Радиациялық бақылау. Стронций-90 және цезий-137. Тағам өнімдері. Сынамаларды іріктеу, талдау және гигиеналық бағалау.

ҚР СТ 1484-2007 Ет және ет өнімдері. Ылғал мөлшерін анықтау әдісі.

ҚР СТ 1486-2005 Ет және ет өнімдері. Жалпы фосфордың массалық үлесін спектрометриялық анықтау әдісі.

ҚР СТ 1729-2007 Ет және ет өнімдері. Қабылдау ережесі және сынау әдістері.

ҚР СТ 1731-2007 Ет және ет өнімдері. Сапа көрсеткіштерін органолептикалық анықтау әдісі.

ҚР СТ 1759-2008 Сиыр еті. Техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51301-2005 Тамақ өнімдері және азық-түлік шикізаты. Уытты элементтер (кадмий, қорғасын, мыс, мырыш) мөлшерін инверсиялық-вольтамперометриялық анықтау әдісі.

ҚР СТ ГОСТ Р51574-2003 Ас тұзы. Техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51962-2005 Тамақ өнімдері және азық-түлік шикізаты. Күшәннің массалық концентрациясын инверсиялық-вольтамперометриялық анықтау әдісі

ҚР СТ БҰҰ ЕЭК (1)-2012 Жылқы еті. Ұша және шабылған еттер.

ГОСТ 427-75 Металдан жасалған өлшеу сызғыштары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 745-2003 Буып-түюге арналған алюминий фольгасы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8.579-2002 МӨЖ. Тауарларды өндіру, өлшеп орау, сату және импорт кезінде кез келген түрдегі орауышта өлшеп оралған тауарлардың санына қойылатын талаптар.

ГОСТ 779-55 Жарты ұша және ширек сиыр еті.Техникалық шарттар.

ГОСТ 1341-97 Өсімдік пергаменті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1760-86 Подпергамент. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2874-82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар және сапаны бақылау.

ГОСТ 3343-89 Концентрататталған томат өнімдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4197-74 Азотты қышқылды натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7269-79 Ет. Үлгілерді іріктеу әдісі және балғындығын органолептикалық анықтау әдісі.

Ресми басылым

ГОСТ 7699-78 Картоп крахмалы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7702.0-74 Құс еті. Үлгілерді іріктеу әдістері. Сапасын органолептикалық бағалау әдістері.

ГОСТ 7702.2.0-95 Құс еті, ішек-қарны және шала өнімдер. Сынамаларды іріктеу әдістері және микробиологиялық зерттеулерге дайындау.

ГОСТ 7724-77 Ет. Ұшалы және жарты ұшалы шошқа еті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7730-89 Целлюлоза үлдірі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7977-87 Жаңадан дайындалған және жеткізілген сарымсақ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8273-75 Орау қағазы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8558.1-78 Ет өнімдері. Нитритті анықтау әдісі.

ГОСТ 9792-73 Шұжық өнімдері және шошқа, қой, сиыр және басқа сойылатын мал және құс етінен жасалған өнімдер. Қабылдау ережесі және сынамаларды іріктеу әдістері.

ГОСТ 9957-73 Шұжық өнімдері және шошқа, қой және сиыр етінен жасалған өнімдер. Хлорлы натрийді анықтау әдісі.

ГОСТ 9958-81 Шұжық өнімдері және еттен жасалған өнімдер. Бактериологиялық талдау әдістері.

ГОСТ 9959-91 Ет өнімдері. Органолептикалық бағалауды жүргізудің жалпы шарттары.

ГОСТ 10131-93 Тамақ өнеркәсібі салаларының, ауыл шаруашылығы өнімдеріне және сіріңкеге арналған сүректен және ағаш материалдарынан жасалған жәшіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10354-82 Полиэтилен үлдірі.Техникалық шарттар.

ГОСТ 10444.2-94 Тамақ өнімдері. Staphylococcusaureus мөлшерін айқындау және анықтау әдістері.

ГОСТ 10444.15-94 Тамақ өнімдері. Мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзалар мөлшерін анықтау әдістері.

ГОСТ 10574-91 Ет өнімдері. Крахмалды анықтау әдістері.

ГОСТ 11354-93 Тамақ өнеркәсібі салалары және ауыл шаруышылығы өнімдеріне арналған көп айналымды сүректен және ағаш материалдарынан жасалған жәшіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13513-86 Ет және сүт өнеркәсібі өнімдеріне арналған бүрмеленген картоннан жасалған жәшіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 16729-71 Кептірілген сарымсақ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18251-87 Қағаз негіздегі желімді таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21784-76 Құс еті (тауық, үйрек, қаз, күркетауық, мысыр тауығы). Техникалық шарттар.

ГОСТ 23042-86 Ет және ет өнімдері. Майды анықтау әдістері.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25011-81 Ет және ет өнімдері. Ақуызды анықтау әдістері.

ГОСТ 25391-82 Балапан бройлер еті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26574-85 Нан пісіретін бидай ұны. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26889-86 Тамақ және дәм өнімдері. Къельдаль әдісімен азот мөлшерін анықтау жөніндегі жалпы нұсқаулықтар.

ГОСТ 26927-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынапты анықтау әдісі.

ГОСТ 26928-86 Тамақ өнімдері. Темірді анықтау әдісі.

ГОСТ 26929-94 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынамаларды дайындау. Уытты элементтер мөлшерін анықтау үшін минералдау.

ГОСТ 26930-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Күшәнді анықтау әдісі.

ГОСТ 26931-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Мысты анықтау әдісі.

ГОСТ 26932-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Қорғасынды анықтау әдісі.

ГОСТ 26933-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Кадмийді анықтау әдісі.

ГОСТ 26934-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Мырышты анықтау әдісі

ГОСТ 27095-86 Ет. Жарты ұша және ширек жылқы, құлын еті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 27569-87 Өткізілетін жаңа піскен сарымсақ.Техникалық шарттар.

ГОСТ 28402-89 Кепкен нан. Техникалық шарттар.

ГОСТ 28498-90 Сұйықтық шыны термометр. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 29045-91 Дәмдеуіштер. Хош иісті бұрыш. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29049-91 Дәмдеуіштер. Даршын. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29050-91 Дәмдеуіштер. Қараш және ақ бұрыш. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29053-91 Дәмдеуіштер. Қызыл ұнтақ бұрыш. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29055-91 Кориандр.Техникалық шарттар.

ГОСТ 29185-91 Тамақ өнімдері. Сульфит ыдыратушы клостридий мөлшерін айқындау және анықтау әдісі.

ГОСТ 30178-96 Шикізат және тамақ өнімдері. Уытты элементтерді атомдық-абсорбциялық анықтау әдісі.

ГОСТ 30518-97 Тамақ өнімдері. Ішек таяқшалары топтары бактериялары (колиформдық бактериялар) мөлшерін айқындау және анықтау әдістері.

ГОСТ 30519-97 Тамақ өнімдері. Salmonella түріндегі бактерияларды анықтау әдісі.

ГОСТ 32606-2013 Сиыр еті. Ұшалар және шабылған ет. Жеткізуге және сапаны бақылауға қатысты талаптар.

ГОСТ 32607-2013 Тауық еті. Ұшалар және олардың бөліктері. Жеткізу және сапаны бақылау кезіндегі талаптар.

ГОСТ 32796-2014 Шошқа еті. Ұша және шабылған еті. Жеткізуге және сапаны бақылауға қатысты талаптар.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш және ағымдағы жылда жарияланған ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алуы тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырусыз жойылса, оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғалмайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [4], [2] және ҚР СТ 1010 бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады.

4 Ассортимент

4.1 Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдар мыналардан дайындалады:

- сан еті;
- майсыз сан еті;
-орама;
-шинка;
-қақталған сүбе;
-төс;
-қабығы бар шошқаның жон еті;

-бекон;
-қақтама;
-карбонад;
-сирақ;
-қабырға;
-қол еті;
-нығыздалған шошқа еті;
-жаңғақ қосылған ет;
-жон еті;
-мойын;
-жақ еті (бақ).

4.2 Шошқа етінен шикідей қақталған жеңсік тағамдар мыналардан дайындалады:
-сан еті;
-орама;
-қақталған сүбе;
-төс;
-бекон;
-қақтама;
-карбонад;
-қабырға;
-қол еті;
-нығыздалған шошқа еті;
-жаңғақ қосылған ет;
-жон еті;
-мойын еті;
-сирақ;

4.3 Шошқа етінен қақталған жеңсік тағамдар мыналардан дайындалады:
- қақтама;
-«Украин қуырылған Р» шұжығы;
- «Үйде қақталған мойын.

4.4 Шошқа етінен ысталып қақталған жеңсік тағамдар мыналардан дайындалады:
- ысталып қақталған шошқа еті;
- мойын;
- карбонад.

4.5 Сиыр етінен ысталып пісірілген және шикідей ысталған өнімдер мыналардан дайындалады:
-орама;
-қабықшасы бар сиырдың жон еті;
-төс;
-сирақ;
-қабырға;
-нығыздалған сиыр еті;
-жаңғақ қосылған сиыр еті;
-жон еті;
-тіл.

4.6 Құс етінен ысталып пісірілген және шикідей ысталған жеңсік тағамдар мыналардан дайындалады:
-құс;
-алдыңғы ширек;
-артқы ширек;

-сан еті;
-жамбас;
-сирақ;
-жон ет;
-сирақ;
-төс;
-қанаты.

4.7 Жылқы етінен ысталып пісірілген жеңсік тағамдарды былай дайындайды:
- бірегей жылқы еті;
- пісіріліп ысталған жылқы еті;
- мерекеге арналған жылқы еті.

4.8 Жылқы етінен пісірілген жеңсік тағамдарды былай дайындайды:
- нығыздалған жылқы еті;
- нығыздалған бауыр.

5 Техникалық талаптар

5.1 Шошқа, сиыр, жылқы, құс етінен ысталып пісірілген және шикідей ысталған жеңсік тағамдар [2], [4] және осы стандарт талаптарына сәйкес келуге тиіс, және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарына арналған санитарлық нормалар мен ережелерді сақтай отырып белгіленген тәртіпте бекітілген ҚР СТ 1081 сәйкес рецептуралар, технологиялық нұсқаулықтар бойынша әзірленеді.

5.2 Сипаттамалар

5.2.1 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша шошқа етінен ысталып пісірілген және шикідей ысталған өнімдер 1- және 2-кестелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.2 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша шошқа етінен қақтап пісірілген өнімдер 3-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.3 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер бойынша шошқа етінен ысталып қақталған өнімдер 4-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.4 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша сиыр етітен ысталып пісірілген және шикідей ысталған өнімдер 5-, 6-кестелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.5 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша құс етінен ысталып пісірілген өнімдер 7-, 8-кестелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.6 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша жылқы етінен ысталып пісірілген және пісірілген өнімдер 9-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

5.2.7 Салқындатылған өнімнің қалыңдығындағы температура минус 4°С жоғары болмауға тиіс. Мұздатылған өнімнің қалыңдығындағы температура минус 8°С жоғары болмауға тиіс.

5.3 Шикізатқа және материалдарға қойылатын талаптар

5.3.1 Өнімді дайындау кезінде қолданылатын шикізаттың, материалдардың және тамақ қоспаларының қауіпсіздігін және сапасын растайтын құжаттары болуға тиіс.

5.3.2 Жеңсік тағамдарды әзірлеу үшін мынадай шикізатты және материалдарды қолданған жөн:
- ГОСТ 21784, ГОСТ25391, ГОСТ 32607 бойынша құс еті;
- құстың жарты ұшасы - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес омыртқасы

және кеуде сүйегін жарып ішек қарны алынған, сойылған ұшаның сол жақ және оң жақ ұша бөліктері;

- құс кеудесі - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес кеуде сүйегімен бірге кеуде бұлшық еті, кеуденің орта, бүйір және қабырға қосалқы сүйектері, сонымен қатар кеуде бөлігін терімен жауып тұратын бөлігі немесе онсыз;

- құстың алдыңғы ширегі - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес кеуде ұшындағы еттерден тұратын және кеудемен бірге кеуде қабырға бөлігінен, қабырға, бұғана, иық, шынтақ және басқа да етті ұша бөлігі;

- құстың артқы ширегі - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жамбас және сан еттерінен тұратын және үлкен сан сүйегінен және басқа да етті ұша бөлігі;

- құс сан еті - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жамбас және сан еттерінен тұратын, кіші және үлкен сан сүйегінен және басқа да етті ұша бөлігі;

- құс сирағы - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жамбас және сан еттерінен тұратын, кіші және үлкен сан сүйегінен және басқа да етті ұша бөлігі;

- құс қанаты - қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес иықты кеуде ұштары етінен, қабырға және шынтақ сүйектерімен, басқа да етті ұша бөлігі;

- жоғарсы сұрыпты сіңірлі сиыр еті – май және қосатын талшықтары бар бұлшық ет тіні қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша 3 % артық емес;

- бірінші сұрыпты сіңірлі сиыр еті - май және қосатын талшықтары бар бұлшық ет тіні қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша 6 % артық емес;

- екінші сұрыпты сіңірлі сиыр еті - май және қосатын талшықтары бар бұлшық ет тіні қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша 20 % артық емес;

- шошқа еті ГОСТ7724, ГОСТ 32796 бойынша;

-майсыз сіңірлі шошқа еті - май талшықтары бар бұлшық ет тіні қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша 10 % артық емес;

-жартылай майлы сіңірлі шошқа еті – май талшығы бар бұлшық ет тіні (30–50)% немесе 60%-дан құрылған майсыз сіңірлі шошқа еті және 40% майлы сіңірлі шошқа еті қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша;

-майлы сіңірлі шошқа еті – май талшығы бар бұлшық еті (50– 85)%;

- жылқы, құлын еті ГОСТ 27095, ҚР СТ ЕЭК ООН (1)-2012 бойынша салқындатылған және мұздатылған жай-күйде;

-азотты қышқыл натрий ГОСТ 4197 бойынша;

- су ГОСТ 2874 бойынша;

-қоюландырылған томат өнімдері ГОСТ3343 бойынша;

- тағамдық ас тұзы ҚР СТ ГОСТ Р 51574 бойынша, ұсақталған немесе тас, өзі төгілетін, ұсақтап төгілетін № 0, 1 және 2, бірінші сұрыптан төмен емес;

- жаңа піскен сарымсақ ҚР СТ 1245, ГОСТ 7977, ГОСТ 27569 бойынша;

- кептірілген сарымсақ ГОСТ 16729 бойынша;

- хош иісті бұрыш ГОСТ 29045 бойынша;

- ұнтақ кориандр ГОСТ 29055 бойынша;

- даршын ГОСТ 29049 бойынша;

- қара және ақ бұрыш ГОСТ 29050 бойынша;

- ұнтақ қызыл бұрыш ГОСТ 29053 бойынша;

- аунатылатын кепкен нан ГОСТ 28402 бойынша;

- картоп крахмалы ГОСТ 7699 бойынша, бірінші сұрыптан төмен емес;

- бидай ұны ҚР СТ 1482, ГОСТ 26574 бойынша, бірінші сұрыптан төмен емес;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес ақуызды тұрақтандырғыш;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тағамдық (соялы) өсімдік ақуызы;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тағамдық ас тұзымен консервіленген сарымсақ;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес мұздатылған ұсақталған сарымсақ;

- [4] бойынша, сондай-ақ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті қолдануға рұқсат еткен дәмдеуіштер қоспасы, ыстау препараттары, тағамдық бояғыштар, фосфаттар, дәмдеуіштермен хош иісті заттар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес сірке суы;

- Тұтынушыларды қорғау комитеті қолдануға рұқсат еткен тұздықтар және маринадтар, оның ішінде құрғақ тұздықтар;

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес шошқа ішек қарны (басы);

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес сиыр ішек қарны (басы);

- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қой ішек қарны (басы).

5.3.3 Қауіпсіздігі мен сапасын растайтын құжаттары бар басқа да шикізаттардың және тағамдық дәмдеуіштерді қолдануға рұқсат беріледі.

5.4 Таңбалау

5.4.1 Өнімдерді таңбалау [3], [5],ҚР СТ 1010 және ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.4.2 Ақпарат затбелгіге (контрзатбелгі), бекітілген жазба белгіге, не болмаса жапсырма параққа немесе басқа тәсілмен түсірілуге тиіс.

Таңбалауды түсіру тәсілін (типографиялық мөр, мөрлеу және т.б) өнімді дайындаушы таңдайды.

Тұтынушы ыдысындағы әр өнім бірлігіне немесе затбелгіге Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарымен рұқсат етілген типографиялық тәсілмен өшпейтін бояумен мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай белгіленулерді жағады:

- өнім атауы;

- өнім құрамы;

- тамақ өнімінің саны;

- өнімді дайындау күні;

- өнімнің жарамдылық мерзімі;

- тамақ өнімін сақтау шарты.

- «Вакууммен оралған» немесе «Газ түрленген ортада оралған» жазбасы. Тамақ өнімі үшін өнімнің бұзылудан қорғайтын орауышты ашқаннан кейін өзгеретін сапасы мен қауіпсіздігі орауышты ашқаннан кейінгі сақтау шартын көрсетеді;

- тамақ өнімін дайындаушының атауы және тұрған жері немесе тамақ өнімін дайындаушы жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және тұрған жері, сондай-ақ дайындаушының уәкілетті тұлғасының атауы және тұрған жері, импорттаушы ұйымның атауы және тұрған жері, импорттаушы жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және тұрған жері;

- тамақ өнімінің тағамдық құндылық көрсеткіштері;

- гендік-түрленген ағзаларды қолдану арқылы алынған құрауыштардың тамақ өнімдерінде болуы туралы мәлімет;

- Кеден одағына мүше елдердің нарығында өнімнің бірыңғай айналым белгісі;

- штрих коды;

- осы стандарттың белгіленуі;

- сәйкестігін растау туралы ақпарат (сәйкестік белгісі болған кезде).

5.4.3 Тасымалдауда таңбалау ГОСТ 14192 сәйкес қалааралық тасымалдауда «тез бұзылатын өнім» және «Температураны шектеу» деген жазулар жазылады.

5.4.4 Оралған өнімдерді сипаттайтын таңбалау тасымалдау тарасының қасбетіне, бір жағына жасалады, жуылмайтын, бояу иісі жоқ штамп, трафаретпен басып немесе заттаңба жабыстыру арқылы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетеді:

- өнім атауы;
- тамақ өнімінің саны;
- дайындау күні және орау күні (оралған өнім үшін);
- өнімнің жарамдылық мерзімі;
- өнімді сақтау шарты;
- тамақ өнімін дайындаушының атауы және тұрған жері немесе тамақ өнімін дайындаушы жеке кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты және тұрған жері;
- дайындаушының тауарлық белгісі, сақтандыру таңбалауы;
- термиялық жай-күйі;
- штрих коды;
- осы стандарттың белгіленуі.

5.5 Орау

5.5.1 Жеңсік тағамдар өлшеп оралған және өлшеп оралмаған түрде шығарылады. Тұтас кесек (үлестік кесу) немесе тілім түрінде 100 г-нан 300 г дейін массада үлес түрінде өлшеп оралған.

Орау кезінде қолданылатын барлық орауыш, орау материалы және ыдыс [1] талаптарына сәйкес келуге тиіс.

5.5.2 Жеңсік тағамдарды орау және таразылап өлшеу, соның ішінде вакууммен орау жұмыстарын ауа өткізетін және өткізбейтін, термотұрақты және аралас үлдір материалдардан, соған ұқсас басқа да материалдардан жасалған пішінді пакеттерде жасауға болады және Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті органдарының рұқсаты бойынша қолданылады.

5.5.3 Жеңсік тағамдар ГОСТ 13513 сәйкес гофраланған картоннан жасалған, ГОСТ 11354 сәйкес көп айналымды ағаштан жасалған жәшіктерге және Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарының рұқсаты бойынша қолданылатын басқа да материалдан жасалған тараларға салынады. Жәшік қақпақтарын ГОСТ 18251 сәйкес қағаздан жасалған жабысқақ таспамен немесе полимер жабысқақ таспамен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарының рұқсаты бойынша қолданып жабады. Жәшіктердің ішіне ГОСТ 1341 сәйкес пергаментпен немесе ГОСТ 1760 сәйкес қосымша пергаментпен, қағаздың бос шеті өнімді үстінен жабатындай етіп төселеді.

5.5.4 Жеңсік тағамдарды ГОСТ 745 сәйкес фольгаға, ГОСТ 7730, ГОСТ 10354 сәйкес үлдір материалдарға, немесе полимер материалдардан жасалған пакеттермен, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарының рұқсаты бойынша қолданылатын басқа да орауыш материалдармен қабықсыз орайды және ыдысқа салады.

5.5.5 Вакууммен оралған жеңсік тағамдарды полимер көпайналымды жәшіктерге немесе Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарының рұқсаты бойынша қолданылатын басқа материалдардан жасалған тараларға салады. ГОСТ 10131, ГОСТ 11354 сәйкес тақтайлы жәшіктерді пайдалануға рұқсат беріледі.

Өнімдерді вакууммен әдемілеп және үлестік оралған орауышта орауға рұқсат беріледі.

5.5.6 Көп айналымды ыдыстардың қақпағы болуы керек. Қақпағы болмаған жағдайда ГОСТ 8273 сәйкес орауыш қағазбен, ГОСТ 1341 сәйкес пергаментпен, ГОСТ 1760 сәйкес қосымша пергаментпен жабуға рұқсат етіледі.

5.5.7 Жәшіктердегі өнімнің брутто салмағы 25 кг артық болмауы керек. Өнімдерді орауға арналған тара таза, құрғақ, көгермеген және бөтен иістерсіз болуы керек.

5.5.8 Өнімнің әрбір оралған бірліктерінің номинал санынан рұқсат етілген ауытқулар ГОСТ 8.579 талаптарына сәйкес болуы керек.

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 Уытты элементтердің, бенз(а)пиреннің, нитрозаминдердің, антибиотиктердің, пестицидтердің, радионуклидтердің мөлшері бойынша жеңсік тағамдар [2], [5], [6] бойынша талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6.2 Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша жеңсік тағамдар [2], [5], [6] бойынша талаптарға сәйкес келуге тиіс.

7 Қабылдау ережесі

7.1 Кәсіпорын-әзірлеушіден айналымға түсетін жеңсік тағамдардың әрбір топтамасы осы стандарттың талаптарына сәйкес кәсіпорын-әзірлеушінің техникалық бақылау бөлімімен (зертханасымен) тексерілуге тиіс.

7.2 Жеңсік тағамдарды топтамамен қабылдайды. Топтама деп бір атаудағы, бір ауысымда, белгіленген пішіндегі сапа туралы бір құжатпен рәсімделген, бір мезгілде тапсыру-қабылдауға ұсынылған өнімдер санын айтамыз. Сапаны бағалауды орташа сынама бойынша жүргізеді. Бақылау нәтижелері барлық топтамаға таралады.

7.3 Өнімдерді қабылдауды ҚР СТ 1729 немесе ГОСТ 9792 бойынша топтамамен жүзеге асыруға тиіс.

7.4 Дайын өнімнің органолептикалық көрсеткіштерін бақылауды әр топтамада жүргізеді.

7.5 Физикалық-химиялық көрсеткіштер кезеңді анықталады.

7.6 Өнім құрамындағы уытты элементтерді, радионуклидтерді, пестицидтерді, антибиотиктерді, нитрозаминдерді, бенз(а)пиренді, микробиологиялық көрсеткіштерді бақылау Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті органдарымен келісім бойынша бекітілген тәртіп бойынша жүргізіледі.

7.7 Талдаудан, кем дегенде, көрсеткіштердің бірінен қанағаттанбайтын нәтижелер алынған кезде оған осы өнім топтамасынан алынған сынамалар көлемін екі есеге көбейтіп, қайталап талдау жасайды. Қайталап талдау нәтижелері соңғысы болып табылады және барлық топтамаға таралады. Өнім топтамасын микробиологиялық талдаудан қанағаттанбайтын нәтижелер алынған кезде өнім жарамсыз деп танылады.

7.8 Тұтынушы мен әзірлеуші арасындағы өнімдердің сапасын бағалауда керағар пікірлер туған кезде арбитражды талдауды бекітілген тәртіпте аккредиттелген орган (зертханалар, сынау орталығы) орындайды.

7.9 Өнімнің сәйкестігін растау кезінде сертификатталған сынауларды жүргізудің кезеңділігін және көлемін сәйкестігін растау жөніндегі орган әзірлеушімен бірге анықтайды.

8 Сынақ әдістері

8.1 Органолептикалық, физикалық-химиялық көрсеткіштерді анықтау әдістері:

- сынамаларды іріктеу әдістері мен талдау дайындық – ГОСТ 9792, ГОСТ 7269, ГОСТ 7702.0, ГОСТ 7702.2.1 бойынша;
- органолептикалық көрсеткіштер бойынша - ҚР СТ 1731, ГОСТ 9959, ГОСТ 7269 бойынша;
-майдың массалық үлесін анықтау - ГОСТ 23042 бойынша;
-ақуыздың массалық үлесін анықтау – ГОСТ 25011, ГОСТ 26889 бойынша;
-натрий нитритінің массалық үлесін анықтау – ГОСТ 8558.1 бойынша;
-крахмалдың массалық үлесін анықтау – ГОСТ 10574 бойынша анықтайды;
-ылғал мөлшерін анықтау - ҚР СТ 1484 бойынша;
-жалпы фосфордың массалық үлесін анықтау – ҚР СТ 1486 бойынша;

-ас тұзының массалық үлесін анықтау – ГОСТ 9957 бойынша.

8.2 Микробиологиялық көрсеткіштерді анықтау – ГОСТ 9958, ГОСТ 10444.2, ГОСТ 10444.15, ГОСТ 29185, ГОСТ 30518, ГОСТ 30519 бойынша.

8.3 Уытты элементтерді ҚР СТ ГОСТ Р 51301, ҚР СТ ГОСТ Р 51962, ГОСТ 26927–ГОСТ 26934, ГОСТ 30178 бойынша, радионуклидтерді ҚР СТ 1623 бойынша, пестицидтерді, нитрозаминдерді, бенз(а)пиренді, патогенді микроағзаларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметімен бекітілген әдістемелер бойынша анықтайды.

8.4 Ысталып пісірілген өнімдер батоны қалыңдығындағы температураны анықтауды кәсіпорында термометрмен ГОСТ 28494 бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша құқық туралы қорғауда жүргізеді.

8.5 Тура кесу кезінде жұқа бөлікте тағам қалыңдығын, қабықшаның еркін ұшының, шпагаттың (жіптің) ұзындығын анықтау ГОСТ 427 бойынша металл сызғышпен өлшеу арқылы жүргізеді.

8.6 Өлшеп оралған тағамдардың таза салмағын анықтауды үшінші дәлдік классы және 1 кг өлшеудің өте үлкен шегімен ГОСТ 24104 бойынша зертханалық таразымен жүргізеді.

9 Тасымалдау және сақтау

9.1 Өнімді сақтау, тасымалдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ететін белгіленген температура режим жағдайында жүзеге асырылады. Суықтың болмауы кезінде өнімді сақтауға және өткізуге жол берілмейді.

9.2 Өнімді тасымалдау үшін белгіленген тәртіпте автокөлікке арналған ресімделген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар арнайы арналған көлік құралдары қолданылады.

9.3 0°С –тан 8°С дейінгі температура және 75%-дан 80% дейін салыстырмалы ауа ылғалдығы кезінде ысталып пісірілген жеңсік тағамдардың жарамдылық мерзімі технологиялық процестің аяқталу сәтінен бастап 5 тәуліктен артық емес, оның ішінде дайындаушы кәсіпорындағы жарамдылық мерзімі 24 сағаттан артық емес құрайды.

9.4 Вакууммен оралған қақталған-пісірілген жеңсік тағамдардың жарамдылық мерзімі 0 °С тен 8 °С дейінгі температурада және 75 % ден 80 % дейінгі салыстырмалы ауа ылғалдылығында технологиялық процестің аяқталған күнінен бастап, әдемілеп кесілген өнімдер үшін 5 тәуліктен артық, үлестеп кесілген кезде 6 тәуліктен артық сақталмауы керек, соның ішінде кәсіпорын-әзірлеушіде жарамдылық мерзімі 24 сағаттан артық болмау керек.

9.5 Қақталып пісірілген жеңсік тағамдардың жарамдылық мерзімі технологиялық процесс аяқталған сәттен бастап 0 °С тен 4 °С дейінгі температурада және 75 % ден 80 % дейінгі салыстырмалы ауа ылғалдылығында сақтау мерзімі 30 тәуліктен артық болмау керек, 4 °С тен 12 °С дейінгі температурада 15 тәуліктен артық болмау керек, минус 7 °С тен минус 9 °С дейінгі температурада 120 тәуліктен аспау керек.

9.6 Вакуумда оралған жеңсік шикідей ысталған тағамдардың жарамдылық мерзімі технологиялық процесс аяқталған сәттен бастап 5°С-тан 8°С дейін температура және 75% - дан 80% дейін ауаның салыстырмалы ылғалдығы кезінде әдемілеп кескенде – 15 тәуліктен артық емес; үлестеп кесу кезінде – 20 тәуліктен артық емес.

9.7 Пісірілген, қақталған, ысталып қақталған жеңсік тағамдардың жарамдылық мерзімі технологиялық процесс аяқталған күннен бастап 0°С-тан 6°С дейін температура және 75%-дан 80% дейін салыстырмалы ауа ылғалдығы кезінде 5 тәуліктен артық емес уақытты құрайды.

Пісірілген, қақталған, ысталып қақталған жеңсік тағамдардың жарамдылық мерзімі технологиялық процесс аяқталған сәттен бастап 2°С-тан 6°С дейін температура және 75%-

дан 80% дейін салыстырмалы ауа ылғалдығы кезінде вакуумда оралған немесе газбен түрленген ортада:

- кескен кезде – 30 тәуліктен артық емес;
- өлшеп оралмаған өнімдер үшін – 30 тәуліктен артық емес құрайды.

12°С –тан 15°С дейін температура кезінде әдемілеп кескенде – 10 тәуліктен артық емес;

Үлестеп кесу кезінде – 15 тәуліктен артық емес. Оның ішінде дайындаушы кәсіпорында жарамдылық мерзімі – 24 сағаттан артық емес.

10 Дайындаушының кепілдіктері

Дайындаушы шошқа, сиыр, жылқы және құс етінен жасалған пісірілген, ысталып қақталған, қақталған және шикідей қақталған жеңсік тағамдардың осы стандарт талаптарына сәйкестігіне және сақтау шарты мен өткізу мерзімін сауда желісі орындау кезінде сапаны сақтауға кепілдік береді.

1-кесте

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ыстылып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
1	Сан еті	Беті таза, құрғақ, еті және қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеттері тегіс кесілген, терісі бар, терісіз	Ұзартылған, өкше сүйегінің томпағын қалдырып секірме буынынан аралап кесілген аяғы, жамбас сүйегі алынған	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз, май түсі ақ немесе қызғылт реңі бар, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	4,0	3,5	0,003
2	Майсыз сан ет	Беті таза, құрғақ, еті және қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеттері тегіс кесілген, терісі бар, терісіз	Ұзартылған, өкше сүйегінің томпағын қалдырып секірме буынынан аралап кесілген аяғы, жамбас сүйегі алынған	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	0,5	3,5	0,003

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
3	Орама	Беті таза, құрғақ, еті және терісі жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеттері тегіс кесілген, терісі бар, терісіз, терісімен тығыз оралған немесе еті нақышталған, екі жағынан кендірмен бойлап байланған және әр 5 - 8 см сайын ілуге арналған ілгегі бар. Терісіз орамалар целлофанға оралуы тиіс немесе басқа үлдірмен оралып, кендірмен байлануы керек	Цилиндрлік немесе дөңгеленген, аяғына қарай жіңішкерген, шағындары үшін - цилиндрлік	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз, май түсі ақ немесе қызғылт реңі бар, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	3,0	3,5	0,003
4	Ұсақталған ет	Беті таза, құрғақ, еті және терісі жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеттері тегіс кесілген, терісі бар, терісіз, асып қоюға арналған ілмегі бар, көлденең әр 1,5 см соң ұзына бойы 2-4 рет шпагат жіппен байланған орама түрінде терімен тығыз оралған	Дөңгелектенген, ұзартылған	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз, май түсі ақ немесе қызғылт реңі бар, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	1,5	3,5	0,003

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
5	Қақталған сүбе	Беті таза, құрғақ, терісі бар және терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеті тегіс кесілген, асып қоюға арналған ілмегі бар	Тікбұрышты, қабырғасы бар омыртқалар алынып тасталған	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз, май түсі ақ немесе қызғылт реңі бар, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	4,0	3,5	0,003
6	Төс	Беті таза, құрғақ, терісі бар және терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеті тегіс кесілген, асып қоюға арналған ілмегі бар	Тікбұрышты, қабырғасы бар емізіктері бар көкшандырлар алынып тасталған	Тығыз	Біркелкі боялған ақшыл қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз, май түсі ақ немесе қызғылт реңі бар, сарғаюсыз, бұлшық ет тіні қабаттары бар май талшығы	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	3,0	3,5	0,003
7	Қабықшадағы шошқаның жон еті	Қабықша беті таза, құрғақ. Қабықша бұзылмаған. Асып қоюға арналған ілмегі бар әр 5 см-ден 8 см дейін аралықта ұзына бойы-көлденең шпагат жіппен байланған	Батондар сәл-пәл иілген пішінде	Тығыз	Ақшыл қызғылт түсті бұлшық ет тіні, сұр дақтарсыз, қыртыс май түсі ақ немесе қызғылт түсті, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	0,5	3,5	0,003

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
8	Ұрт (бақтар)	Беті таза, құрғақ, терісі бар және терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз және қылшақ қалдықтарсыз, шеті тегіс кесілген, асып қоюға арналған ілмегі бар	Дұрыс емес немесе көп бұрышты жалпақ	Тығыз	Біркелкі боялған қызғылт-қызыл түсті бұлшық тіні, сұр дақтарсыз май түсі ақ немесе қызғылт реңді, сарғаюсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	Мөлшерленбейді	3,5	0,003
9	Бекон	Беті таза, құрғақ, терісі бар және терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз асып қоюға арналған ілмегі бар нее	Тікбұрышты, тікбұрышты-ұзартылған	Тығыз	Кезектесетін май және бұлшықет тінінің қабаттары, Бұлшық ет тінінің түсі ақшыл қызғылт түстен күңгірт қызғылт түске дейін. Май түсі ақ түстен ақ сары түске дейін. Жұқа қабатының қалыңдығы 2 см кем емес	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	1,5	3,5	0,005
10	Қақталып пісірілген шошқаның еті	Беті таза құрғақ, терісі бар, терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз, асып қоюға арналған ілмегі бар немесе ілмегі жоқ, сарымсағы және бұрышы бар	Сопақ, дөңгелек	Тығыз	Бұлшық тіні ақшыл сұр немесе әлсіз қызғылт реңі бар, қыртыс майының түсі ақ немесе қызғылт реңді	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	2,0	2,0	0,005

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консисте нция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
11	Карбонад	Беті таза құрғақ, терісі бар, терісіз, ет пен қыртыс майы жұлынбаған, шашақсыз, сарымсағы және бұрышы бар, асып қоюға арналған ілмегі бар немесе ілмегі жоқ, торда, немесе сиыр ішегінде немесе коллагенді жеуге болатын үлдірде немесе үлдірсіз, әр 4-6 см сайын кендірмен немесе жіппен көлденең-бойлық бай-ланған, немесе целлофан үлдірде, кендірмен немесе жіппен көлденең-бойлық әр 4 см - 6 см сайын байланған, немесе кендірсіз (жіпсіз) торда, декоративтік бөртпесі	Тікбұрышты ұзартылған	Тығыз	Бұлшық еті ақшыл сұр түстен қызғылт түске дейін, тері қабаты бір жағынан бірқалыпты боялған. Тері қабатының қалыңдығы 1 см артық емес, тері қабатының түсі - ақ немесе крем түсті немесе қызғылт реңі бар	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	1,0	3,5	0,005
12	Желке еті	Беті таза, құрғақ, асып қоюға арналған ілмегі бар немесе ілмексіз	Табиғи	Тығыз	Біркелкі боялған бұлшық ет тіні, сұр дақтарсыз	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	Мөлшерленбейді	3,5	0,005

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері астындағы қабатының қалыңдығы	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
13	Қабырғалар	Беті таза, құрғақ, еті жұлынбаған, ілуге арналған ілгешегі бар немесе жоқ, дәмдеуіштер мен сарымсақ қосылған, декоративтік бөртпесі бар немесе жоқ	Тікбұрышты, 20х10 см сәл-пәл иілген тілімшелі	Тығыз	Бұлшық еті бірқалыпты боялған қабырғалардағы май және біріккен ет табиғи қалыптасқан. Бұлшық еттің түсі - ақшыл-қызғылт түстен қошқыл- қызғылт түске дейін	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	-	3,5	0,005
14	Рулька	Беті таза, құрғақ, еті жұлынбаған, ілуге арналған ілгешегі бар немесе жоқ, дәмдеуіштер мен сарымсақ қосылған, декоративтік бөртпесі бар немесе жоқ	Конус тәрізді, сирақтың сәйкес анатомиялық пішінінде немесе шошқаның кесілген иық үстіндегі еті	Тығыз	Бұлшық еті - ақшыл-қызғылт түстен қошқыл-қызғылт түске дейін бірқалыпты боялған, біріккен еттерінің қабаттары табиғи қалыптасқан, сүйегі бар, терісі бар, тері астындағы нақышталған ет қалыңдығы 3,5 см артық емес. Тері қабатының түсі - ақ түстен кремді түске дейін.	Осы өнім түріне тән, қақталған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	-	3,5	0,005

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
		Сыртқы түрі	Пішіні	Консистенция	Бөліктегі түрі	Иісі және дәмі	Тура кесілген кезде қыртыс майының тері	Ас тұзының массалық үлесі,%, артық емес	Натрий нитритінің массалық үлесі, % артық емес
15	Нығыздалған шошқа еті	Беті таза құрғақ, ет пен қыртыс майы жұлынба-ған, дәмдеуіштер мен сарымсақ қосылған асып қоюға арналған ілмегі бар немесе ілмексіз, торда немесе коллагенді жеуге болатын үлдірде немесе үлдірсіз, целло-фан үлдірде әр 5 – 8 см сайын ұзына бойы-көлденең немесе айқас түрде шпагатпен (жіп-пен) байланған) немесе шпагатсыз (жіпсіз), тор-да, декоративтік бөртпесі бар немесе жоқ	Сопақ, тікбұрышты, цилиндрлі немесе басқа пішінді	Тығыз	Ақшыл қызғылт түстен қызғылт қызыл түске дейін біркелкі боялған бұлшық ет тіні, табиғи арақатынаста бұлшық ет майы арасындағы қабаттары бар немесе жоқ, қыртыс маймен немесе қыр-тыс майсыз, май және қыртыс май түсі – ақ немесе ақшыл сары немесе қызғылт реңді	Осы өнім түрі-не тән, қақтал-ған және ысталған иісі бар, дәмі тұздалған, бөтен дәмі және иісі жоқ	3,5	3,5	0,005
16	Жаңғақ қосылған ет	Беті таза, құрғақ, ет пен қыртыс майы жұлынба-ған, дәмдеуіштер мен сарымсақ қосылған, де-кортивтік бөртпесі бар немесе жоқ, торда, қалтада, ішекте, каллоге-нді жеуге болатын үлдірде, торда, айқас түрде шпагатпен (жіп-пен) байланған 80-200 мм диаметрде жасанды қабықта немесе шпагатсыз (жіпсіз) торда	Шар тәрізді, шар тәрізді - ұзартылған	Тығыз	Ақшыл қызғылт түстен күңгірт қызғылт түске дейін біркелкі боялған бұлшық ет тіні. Қуыс-сыз, монлиттік құрылы-мды жасайтын қосатын және май тіндері қабат-тары бар белгісіз пішін-ді бұлшық ет тіндерінің кесектері. Май түсі – ақ түстен ақ сары түске дейін	Осы өнім түрі-не тән, қақтал-ған және ыста-лған иісі бар, дәмі тұздал-ған, бөтен дәмі және иісі жоқ	3,5	3,5	0,005

1-кестенің жалғасы

№ р/с	Көрсеткіш атауы	Ысталып пісірілген шошқа етінен дайындалған жеңсік тағамдардың сипаттамасы және нормалары							
